

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.
АБАЯ**

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КАФЕДРАСЫ



**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУЫ МЕН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
атты республикалық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

22 - сәуір 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ

**Республиканский научно –практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ
МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН
НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

22 апреля 2016 года.

Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Жумағұлов Б.С. Мәңгілік ел идеясы - ұлт мұраты.....	
Хабижанова Г.Б. Моделирование нетрадиционных форм работы с историческим источником в практике преподавания отечественной истории.....	
Балахметова Г.К. Применение новых образовательных технологий в преподавании истории Казахстана.....	
Нұрманбетқызы Ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында жастарға сапалы бәсекеге қабілетті білім беру мен оқыту туралы идеялары.....	
Сатаева Ж. Тарихи таным бастауы.....	
Әбдіғұлова Б.Қ., Жумашева С.С. Отансүйгіштік, адамгершілік, толеранттылық қасиеттерді студенттердің бойында қалыптастырудың жолдары.....	
Джайнакбаева Г.Т. Передовые образовательные технологии в преподавании истории.....	
Қартабаева Е.Т. Дін тарихы бойынша зерттеулерді таңдау пәндерін қалыптастыруда пайдалану.....	
Сайфулмаликова С.С. Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.....	
Жусанбаева Г.М. Тарихи білім берудің өзекті мәселелері.....	
Даулбаев Т.Ф. Особенности применения коучинг технологий в образовательном процессе.....	
Нуржанова А.Н. Значение дисциплины «религиоведение» как основной формы научного изучения и передачи знаний о религий.....	
Аупенова А.У. Некоторые вопросы применения тестовых методика обучения.....	
Джандаралова Г.К., Мазбаева А.А. Қоғамдық гуманитарлық пәндерді оқытуда ақпараттық және ойын технологияларын қолдану.....	
Тулеева М.К. Толеранттылық- ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін нығайту факторы ретінде.....	
Ожаева Б.Б. Ғылым мен инновация - жаңашылдық арқауы.....	
Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д. Есім хан тұлғасын оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері.....	
Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д., Сандықбаева Ө.Д. Бұрындық хан тұлғасын оқытудың тиімді әдістемелік жолдары.....	
Бакауова Г.Б. Бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды шығармашылыққа бағыттау.....	
Қырғызхан Г. Толеранттылық- сан алуан тұрғыдағы бостандық.....	
Әбдіғұлова Б.К., Сансызбаева Э. Отанымызды нығайту мен өркендетудің негізі- жастарды қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу	
Завьялова Д.И., Жуманова Г.Б. Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде.....	
Адаева Г.А. Гендерлік білім беру арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.....	
Әбдіғұлова Б.Қ., Бакауова Г.Б. Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі» курсының мазмұны-студенттердің құқықтың мәдениеті мен экономикалық сауаттылығын қалыптастырудағы басты қадам.....	
Байбосынова Г.Д., Адилбеков С.Ж. Өзбекәлі Жәнібеков- қазақ мәдениетін зерттеуші.....	
Матаева Н.А. Шәкірім және Алашорда.....	
Құсайынов М.С. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ақмола облысы.....	

ДІН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ТАҢДАУ ПӘНДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПАЙДАЛАНУ

Қартабаева Е.Т. - *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ең алғаш қалыптасқан уақытынан бастап-ақ дайын білімді студенттерге берумен ғана айналысып қоймай, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де кеңінен айналысып, білім берудің ғана емес, ғылымның да үлкен орталықтарының бірі болып келе жатқанын ешкім жоққа шығармаса керек. Ал, университетіміздің соңғы кезеңдегі негізгі бағыты болып отырған ғылыми-зерттеу университетіне трансформациясы жағдайында ғылым мен білім беруді өзара ұштастыра жүргізудің маңызы еселеп артып отыр. Осы орайда университет ғалымдарының ҚР БЖҒМ қаржыландыратын ғылыми жобаларға қатысып, зерттеулердің нәтижелерін оқу үдерісіне ұтымды пайдаланып жүргенін атап өткім келеді. Осындай іргелі зерттеулердің бірі тарих, археология және этнология факультеті, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы оқытушы-ғалымдарының қатысуымен жүргізіліп жатқан «Еуразия тарихындағы ислам және христиан діні» ғылыми жобасы (жетекшісі т.ғ.д., профессор Қ.Т.Жұмағұлов). Осы жобаның негізгі қатысушыларының бірі ретінде аталмыш тақырыптағы зерттеулерімнің нәтижелерін оқу үдерісіне белсенді түрде енгізіп отырамын. Атап айтқанда, соңғы жылдары факультеттің бакалавриатында «Әлемдік діндер тарихы», «Исламдағы негізгі бағыттардың қалыптасу тарихы», «Мұсылмандық Ренессанс», «Орта ғасырлардағы араб-түрік мәдени байланыстарының тарихы» элективті пәндері және магистратурада «Орталық Азиядағы сопылықтың тарихы», «Ислам тарихы бойынша элективті пәндерді оқытуда діни жүйелерді салыстырмалы талдау» атты элективті курстар оқылып жүр. Аталмыш пәндерге студенттер мен магистранттар, таңдау пәндері ретінде аса қызығушылық танытып, жыл сайын оқу жоспарынан түспей, оқытылып жүргені куантарлық жағдай. Мұның басты себептерінің бірі дін мәселесінің қоғамдағы өткір мәселенің бірі болуымен байланысты.

Енді ғана аяқ басқан мыңжылдықта әлем дамуының негізгі беталысы халықтардың рухани дамуы парадигмаларымен анықтала бастады. Мұны ХХ ғасырдың ортасында өмір сүрген француз философы әрі қоғам қайраткері А.Мальро: «XXI ғасыр руханилық ғасыры болады немесе ол тіпті болмайды» - деп көрегендікпен көрсетіп кеткен болатын. Шынында да, қазіргі техногенді өркениет жағдайында адамзат құндылықтарының барынша өзгеруі адам рухының негіздерін шайқалту қаупін туғызып отыр. Өз өмірін зорлық-зомбылық, қастандық пен құрту-жоюға бағыштағандардың саны күн санап көбеюде. Қалыптасып отырған дағдарыстан шығу мүмкін бе? Әлде, болашаққа бұрынғы, шектеулі күйімізде, шешілмей қалған міндеттерімізбен және мәселелерімізбен қадам баса береміз бе? Бүгінгі күні әрқайсымыз сезініп отырған ғаламдық дағдарыс бір нәрсені айқын көрсетіп отыр – бұл ең алдымен адам рухының дағдарысы, сондықтан да рухани дағдарыстан шықпайынша, яғни рух тазалығына қол жеткізбейінше қоғамның басқа салаларындағы дағдарыстан шығу мүмкін емес.

Руханилықтың шынайы бастауы дін екендігінде күмән жоқ. Алайда қазіргі діндер адамның рухымен жұмыс істеудің орнына, көп жағдайда руханилықтан мүлде алыс мәселелермен айналысып кеткендей ой туғызады. Соңғы кезде қаптап кеткен әр түрлі секталарды былай қойғанда, дәстүрлі діндердің өзі бір қоғамда өмір сүріп жатқан жекелеген адамдар мен бүтіндей ұлттарды бір-бірінен алшақтататын, тіпті қарсы қоятын әсіре ұлтшылдық немесе әсіре конфессияшылдық сияқты және басқа да саяси бағыттағы мәселелермен айналысуды өздерінің басты міндетіне айналдыр

